

## **Ақтөбе облысындағы балалардың жазғы демалысының қорытындысы**

2014 жылдың жазғы кезеңінде Ақтөбе облысында 10 қала сыртындағы, 383 мектеп жанындағы тамақтанумен, 290 мектеп жанындағы тамақсыз қамтылған және 33 шатырлы лагерьлер жұмыс жасады. Жазғы демалыспен және сауықтырумен **97 472** оқушы қамтылды, яғни бұл көрсеткіш жалпы оқушылар контингентінен **90,2%** құрайды (2013 жылы – 90,1%). Балалардың арасында салауатты өмір салтын және еңбексүйгіштігін насихаттау мақсатында жазғы демалыс лагерь тәрбиеленушілері және білім беру ұйымдары арасында «Балалар және есірткі» мен «Үздік мектеп ауласы» атты облыстық байқаулар өткізілді. Жазғы демалыс кампаниясына 238 млн 439 мың теңге, оның ішінде 60,4 млн теңге «Достық» мемлекеттік қала сыртындағы лагерьді жөндеуге жұмсалды.